

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 11 қаңтардағы N 53 қаулысына өзгерту енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 2 мамырдағы N 537

Қазақстанның экономикалық және рухани әлеуетін көтеруге барынша толық жәрдемдесу мақсатында және ғылыми-техникалық ақпараттың мемлекеттік жүйесін дамытуда Ұлттық кітапхана ролінің өсуіне байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"1996 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2700 U952700\_ Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 11 қаңтардағы N 53 қаулысына өзгерту енгізілсін:

25-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ұлттық ғылым академиясына және Ұлттық кітапханаға бөлінген еңбекақы қорының шегінде ведомстволық бағыныстағы ғылыми мекемелерге еңбекақы ставкаларына 1,75 көтеріңкі коэффициент белгілеу құқығы берілсін".

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі